

"Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамының қарыздарын өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 21 маусым N 770

"Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Қарметкомбинат" МАҚ) кредиторлық берешегін өтеу жөніндегі "Қарметкомбинат" мемлекеттік акционерлік қоғамының қаржылық жағдайы мен қарыздарын бағалау жөніндегі Комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) ұсыныстарын қарап, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Комиссияға Жұмыс тәртібіне сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне (бұдан әрі - Медетші банк) "Қарметкомбинат" МАҚ-ның қарыздарын қайтару мәселелерін одан әрі қарау міндеттері жүктелсін.

2. Комиссия 10 күн мерзім ішінде Медетші банкіне өз қарамағындағы барлық құжаттарды, материалдар мен "Қарметкомбинат" МАҚ кредиторларының тізілімі бойынша компьютерлік базаны акті бойынша өткізетін болсын.

3. Медетші банкінің "Қарметкомбинат" МАҚ-ның берешегі бойынша қорытындылары қайта құру процедуралары мен кәсіпорындарды тарату жөніндегі және шаруашылық жүргізуші субъектілердің берешектерін сату жөніндегі мәселелерді шешуде мемлекет мүддесін білдіруге өкілеттік берілген мемлекеттік органның құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттік басшылығының бекітуіне жатады жеп белгіленсін. Бұл ретте Медетші банкі "Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамының міндеттемелері бойынша қаржылық жауапкершілікте болмайды. <*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ 2-ші сөйлеммен толықтырылды - ҚРҰ-нің

1997.11.17. N 1597 қаулысымен. P971597_

4. 1995 жылғы 17 қарашадағы "Испат Кармет" компаниясының "Қарметкомбинат" МАҚ-ын сатып алу-сату шартының (бұдан әрі - шарт) 3.1.2-тармағында көзделген "Қарметкомбинат" МАҚ-ның кредиторлық берешегін кредитор кәсіпорындарға ұсынылып отырған тізбеге сәйкес (1 қосымша, құпия) металл өнімін жөнелту арқылы өтеу туралы "Испат Кармет" компаниясының ұсынысына келісім берілсін.

5. "Қарметкомбинат" МАҚ-ның қарызын өтеу мынадай әдістерді қолдана отырып жүзеге асырылсын.

Қазақстан Республикасындағы кредиторларға берешекті өтеу:

"Қарметкомбинат" МАҚ-ның кредиторларына берешекті өтегенге дейін өсім есептеуді тоқтата тұрып, бюджетке төлем төлеуді 1 жылға дейін ұзарту;

Медетші банктің "Қарметкомбинат" МАҚ-ның берешегін дисконтпен бірге сатып алуы арқылы;

құрылысы салынып бітпеген объектілерді кредиторлардың меншігіне беру есебінен жүргізілсін.

Ресей Федерациясындағы және таяу шетелдің басқа елдеріндегі кредиторлар үшін берешекті өтеу;

"Қарметкомбинат" МАҚ-ның кредиторлық берешегін "Қарметкомбинат" МАҚ-ның немесе "Қарметкомбинат" МАҚ кредиторының қалауынша Қазақстан Республикасындағы болсын, таяу шетелдегі кез-келген басқа елдегі болсын олардың кез-келген қарыз кәсіпорны бойынша акцияларының мемлекеттік пакеті кемінде 25 процентін құрайтын Қазақстан Республикасының кез-келген басқа мемлекеттік кәсіпорынының не акционерлік қоғамының дебиторлық берешегіне ауыстыру;

Алыс шетелдегі кредиторлар үшін берешекті өтеу:

"Қарметкомбинат" МАҚ қарызы сомасының 50 процентін - металл жөнелту немесе ақша қаражаты;

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.05.11. N 624

қаулысымен. P010612_

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Медетші банкпен және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттікпен бірлесе отырып "Қарметкомбинат" МАҚ-ның кредиторларына "Қарметкомбинат" МАҚ-ның осы кәсіпорындарға берешегін тең келетін сомада бюджетке төленетін салық төлемдерінің мерзімін кейінге қалдыру туралы мәселені қарастырсын;

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.05.11. N 624

қаулысымен. P010612_

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті конкурстар жарияланғанда, саудаластыққа салғанда, сондай-ақ кәсіпорынды басқаруға беру туралы контракт жасасудың немесе сатып алу-сату шарттарына қол қоюдың алдында осы кәсіпорындардың дебиторлық берешегіне мұқият талдау жасасын . Заңды тұлғаның "Қарметкомбинат" МАҚ-ның кредиторы екендігі анықталған жағдайда контрактілерде басқарушы фирманың немесе сатып алушының "Қарметкомбинат" МАҚ-нан қарызын талап ету құқығынан бас тартуын және оны өз қаражаты есебінен өтеуді мойнына алуын көздейтін болсын.

Мұндай кәсіпорындардың тізбесі Медетші банкімен және Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттіктің келісуімен

айқындалады.

8. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі:

банкіге түскен материалдарға қаржылық, заңдық сараптама жасауға және олар жөнінде қорытындылар жасауға еңбек шарттары бойынша тартылған мамандарға өзіне көзделген қаражат шегінде ақы төлеуге рұқсат етсін;

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.05.11. N 612

қаулысымен. P010612_

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері Медетші банкінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттікпен келісе отырып "Қарметкомбинат" МАҚ-ның кредиторлары - құрылыс ұйымдарына - "Қарметкомбинат" МАҚ-ның осы кәсіпорындарға берешегіне тең сомада беруі үшін аймақтар бойынша құрылысы аяқталмаған объектілердің тізбесін айқындасын.

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюта бақылау комитеті Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігімен бірлесе отырып, Медетші банкінің ұсынысы бойынша тиісті тексеру актілерін Медетші банкіне өткізе отырып, мердігерлердің "Қарметкомбинат" МАҚ үшін орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарының нақты көлемін, сондай-ақ олар берген орындалған жұмыстың нақты құнының сомасына тексеру жүргізсін.

11. Шарттың 3.1.2-тармағына сәйкес 1995 жылдың мамырынан қазанына дейін комбинаттың өндірісте қаза болған қызметкерлерінің отбасылары мен "Қарметкомбинат" МАҚ-нда мүгедек болғандарға 10709447 (он миллион жеті жүз тоғыз мың төрт жүз қырық жеті) теңге сомасындағы бір жолғы жәрдемақы "Испат Кармет" компаниясының бірінші кезектегі қарыздарды өтеуге бөлетін (2 қосымша) қаражат есебінен төленеді деп белгіленсін. <*>

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.12.03.

N 1474 қаулысымен. P961474_

12. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау

министрлігі, Қаржы министрлігі, Еңбек министрлігі, Әділет министрлігі және Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Қарметкомбинат" МАҚ-ында жұмыс істеген жұмысшылар мен қызметшілерге келтірілген зиянның, зақымданудың, сондай-ақ жалақы төлеу жөніндегі берешектің орнын толтыру жөніндегі мәселелер мен басқа да әлеуметтік мәселелер бойынша ұсыныстар енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 21 маусымдағы
N 770 қаулысына
2-қосымша

"Қарметкомбинат" мемлекеттік акционерлік қоғамында
қаза тапқан және мүгедек болып қалған адамдардың
тізімі, бір жолғы жәрдемақы төлеу үшін

Рет N	Аты-жөні	Төлем сомасы, теңгемен
1.	Следьева Н.А.	250.000
2.	Фольц Т.И.	1.106.720
3.	Веденеева И.Н.	1.125.048
4.	Белова Т.Г.	554.017
5.	Усик В.А.	625.576
6.	Градская Л.Н.	596.737
<*>		
7.	Трухина С.И. (Карпова Л.Б.)	721.998
8.	Сагирова Ф.С.	372.449
9.	Талипова Н.К.	532.354
10.	Денисова С.Г.	1.490.472
11.	Бабиева Т.И.	2.306.924
12.	Хамитов Н.С.	454.460
13.	Рачанов Г.Г.	260.930
14.	Штеркель А.В.	311.762
Барлығы:		10.709.447
<*>		

Ескерту. Тізімге өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.12.03.
N 1474 қаулысымен.

P961474_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК